

ЖАТАҚХАНАҒА ЭЛЕКТРОНДЫ ЖОЛДАМА АЛУ ҮШІН СТУДЕНТКЕ / ТАЛАПКЕРГЕ:



1. Сайтта тіркеуден өту <https://edms.youngstudent.co>

2. Электрондық материалдарды тіркей отырып, онлайн өтініш беру:

- студенттің / талапкердің жеке куәлігі;
- фото 3*4;

- әлеуметтік санаттағы анықтамалар (мүгедектігі туралы, отбасында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 4 және одан да көп баланың бар екендігі туралы растайтын құжаттар). Болған жағдайда.

- спорт, ғылым, дебаттық қозғалыс және шығармашылық саласындағы халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі дипломдар, грамоталар (болған жағдайда).

** Өтініш 3 жұмыс күні ішінде қаралады.

3. Өтінішке электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қою.

** Егер студент / талапкер кәмелетке толмаған болса, онда студент/талапкердің өтінішіне ата-анасының біреуінің ЭЦҚ-сы қойылады.

4. Өтініш "мақұлданды" мәртебесін алғаннан кейін тұрғын үй жалдау шартын жасасып, ЭЦҚ-мен қол қою қажет.

5. Тұрғаны үшін төлемді жүргізу (бакалавриат үшін 14.000 теңге, магистратура үшін 16.000 теңге мөлшерінде) және төлем туралы түбіртектегі электронды түрде бекіту (міндетті түрде төлем атауы бағанында "жатақхана үшін төлем" деп көрсету керек). ** Төлемді мобильді банкинг (Kaspi Банк ЦентрКредит, Халық банкі) қосымшасы арқылы жүргізуге болады.

6. Университет ректорының тұрғын үй жалдау шартына қол қоюын күту.

7. Қоныстануға электрондық жолдама алу.

8. Жолдамада көрсетілген мекенжай бойынша университет жатақханасына жүгіну.

ОРНАЛАСУ КЕЗІНДЕ ЖАТАҚХАНА КОМЕНДАНТЫНА ҰСЫНУ ҚАЖЕТ:

1. Жатақхана беру туралы жолдама;

2. Медициналық анықтама (медициналық тексеруден өту, 205 каб.)